



Мерейтойларыңыз құтты болсын!



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ағымдағы жылдың ақпан айында мерейтойлық даталар көп болды. Солардың бірі – студенттік шақтан бастап жарты ғасырлық өнегелі ғұмырын осы білім ордасының қабырғасында өткізген ғалым-ұстаз **Алтынбек Шәриполлаұлы ДАВЛЕТҒАЛОВ** мерейлі 70 жасқа толды. Ал БҚАТУ-да әр жылдары түрлі қызметтер атқарып, абырой биігінен көрінген университетіміздің басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары **Өтеген Байырғалиұлы ТАУБАЕВ** асқаралы 60 жасқа жетті. Қос мерейтой иесінің де білім мен ғылым саласына қосқан үлестері зор, азаматтық қасиеттері – кейінгі буынға үлгі екенін атап өткен жөн.



Іске сәт, көшбасшылар!

Жәңгір хан университетінің 3-курс студенттері Темірлан Тәжен мен Омархан Нияз «Студенттік ректор» лауазымына үміткер болған еді. Білім алушылардың қолдауының нәтижесінде Омархан Нияз «Студенттік ректор» болып сайланды. Ал Темірлан Тәжен «Жастар ісі жөніндегі

комитет төрағасының» қызметін атқарады.

Еске сала кетсек, Темірлан – Индустриалды-технологиялық институтында «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша білім алуда. Омархан Политехникалық институттың «Электрмен жабдықтау» мамандығында оқиды.



Мұзбалақ ақынды ұлықтады

Студенттік ректорлыққа үміткер болған Омархан Нияз поэзияға, өлеңге құштар жастардың ба-сын қосып, тамаша кеш ұйымдастырды.

Поэзия кеші аз ғана ғұмырында сан ұрпақтың өкіліне азық боларлық мол мұра қалдырған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күнімен орайластырылды. «Жастар бастамасын дамыту» және «Парасат» ақпараттық білім беру орталықтарының қолдауымен осы іс-шараны ұйымдастырған Омархан Нияз да – мұзбалақ ақынның шығармашылығын дәріптейтіндердің қатарында.

– Ақиық ақынның туған күнін өз

жоспарыма тиімді пайдалануды жөн көрдім. Мұқағали ақынның жырларын бала кезімнен ерекше жақсы көретінмін. Мен үшін орыны бөлек ақынның рухына құрмет көрсету – басты мақсатым болды, – дейді Омархан Нұрлыбекұлы.

Рухани кеште ақынның сөзіне жазылған әндер шырқалып, көркем сөз шеберлері қаламгердің өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар, көпшілік назарына мұзбалақ ақынның өмір жолын бейнелейтін бейнеролик ұсынылды. Кеш соңында белсене қатысқан студенттерге қаламы қарымды қаламгер Мұқағали Мақатаевтың кітаптары сыйға берілді.

Аязды күні көлікпен...

Студенттік ректорлыққа үміткер болған Темірлан Тәжен әлеуметтік бағытта «Аязды күні көлікпен, Жолаушыны жеткіз үйіне» деген ұранмен «Такси» жобасын ұйымдастырды.

«Студенттер Альянсы» қозғалысымен бірлесіп қолға алынған жобаның жоспары кәдімгі «Такси» телевизиялық бағдарламасына ұқсастырылып құрылды. Осылайша қыстың аязды күнінде аялдамада автобус күтіп

тұрған оралдық студенттерді үйлеріне тегін жеткізді. Жоба иелері жолаушыдан жолақының орнына әлеуметтік желідегі оқырмандарын көбеюге көмектесіп, қойылған сауалдарға жауап берулерін ғана өтінді.

– Көлікпен 12 адамды қаланың әр ауданындағы айтқан мекенжайларына жеткіздік. Ең алыс мекенжай – Қонаев шағынауданы, ал ең жақын жер – «Жазира» аялдамасы болды. Бір күн ішінде алты көлікпен тасымалдадық. Белсенді студенттеріміз бізге көмек көрсетті. Әр көліктегі бағдарлама жүргізушілері жолаушыларды әңгімеге тартып, уақытты тиімді өткізді. Сұрақтарға жауап бере алмаған жолаушыларға түрлі шарттар қойылды, – дейді Темірлан Бауыржанұлы. «Таксиде» қойылған сұрақтар студенттік өмір, Жәңгір хан университеті, кино өнері, білім-ғылым, қала тарихы, логикалық ойлау сынды сан алуан тақырыптарды қамтыды.

Мұндай жоба – қайырымдылық іске бастайтыны сөзсіз. Қала ішінде көлік тізгіндеп жүйткіген жастар ауа райының қолайсыз күндерінде аялдамада қаңтарылған қарияларға, балалы аналарға, мүгедек жандарға осындай жақсылық жасаса, шарапаты өзіне тиері сөзсіз.

Бездомные животные



с.2

Райхан Абдулова



3-6.

Ержан Ерболат



4-6.